

2018 жылғы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында кедендік әкелу баждарының сомаларын есепке жатқызу және бөлу туралы

Еуразиялық Үкіметаралық Кеңестің 2019 жылғы 9 тамыздағы № 12 Өкімі

Кедендік әкелу баждарының (баламалы қолданылатын өзге де баждар, салықтар мен алымдар) сомаларын есепке жатқызу және бөлу, оларды мүше мемлекеттер бюджеттерінің кірісіне аудару тәртібі туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 5 қосымша) 54-тармағының, Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 43-тармағы 4-тармақшасының негізінде, Еуразиялық экономикалық комиссияның 2018 жылғы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында кедендік әкелу баждарының сомаларын есепке жатқызу және бөлу туралы ақпаратын ескере отырып:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы Кедендік әкелу баждарының (баламалы қолданылатын өзге де баждар, салықтар мен алымдар) сомаларын есепке жатқызу және бөлу, оларды мүше мемлекеттер бюджеттерінің кірісіне аудару тәртібі туралы хаттаманы (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 5 қосымша) іске асыру мониторингі бойынша жұмысты жалғастырсын.

2. Осы Өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық үкіметаралық кеңес мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республи касынан	Қы р ғ ы з Республикасынан	Р е с е й Федерациясынан
----------------------------	-----------------------------	-------------------------------	-------------------------------	-----------------------------